

«КЕЛІСІЛДІ»
«Мұғалжар ауданының
білім бөлімі»
ММ әдістемелік кабинеті
Г.К. Нұрмағанбетова

«24» 08 2021 ж.



«БЕКІТЕМІН»
«Қарлығаш» бөбекжай-
бақшасы»
МКҚК меңгерушісі
К.С. Медеуова

«27» 08 2021 ж.

Вариативтік компонент

«Бәрін білгім келеді»

Бағдарламаны дайындағандар:
№11 «Айгөлек» ортаңғы тобының тәрбиешілері
Р.И. Жиеналина
Б.Т. Султанова

Қандыағаш қаласы

«Қарлығаш» бөбекжай-бақшасы»
МКҚК-ның тәрбиешісі
Жиеналина Р.И.
«Бәрін білгім келеді»
атты бағдарламасына

Пікір

Қазіргі заманда мекетпке дейінгі білім беру жүйесінің жағдайы жаңаруда және дамуда. Жаңа мемлекеттік стандарт мектепке дейінгі білім беру қызметінің негізі болып базистік оқу жоспары анықтайтынын педагогтың іс әрекеті емес, бала – педагогикалық процестің субъекті ретінде болатын көрсетеді. Біртіндеп қиындап отырған ойын іс әрекетінің міндеттері балаға алға жүруді, өз шығармашылық қасиеттерін дамытып, өздігінен жетілуге мүмкіндік береді. Ал ойын сауық, демалыс ретінде бола тұрып, оқытуға, шығармашылыққа, адам қарым қатынастарының, өмірдің әр түрлі салаларында көрінуі арқылы олардың модельдеуіне айналуы мүмкін.

Бала бойында қызығушылық қасиеттерін дамыта отырып қазақ халқының көрнекті ұлы ақыны Абай Құнанбаевтың тәрбиелеу жайлы «Сенде бір – кірпіш, дүниеге, кетігін тапта бар қалан! өлең жолдарын еске түсіре отырып әр адам өмірдегі өз жолын таба білу қажет екенін, сүйіспеншілдікпен қарау қажеттігіне тәрбиелеу. Еңбексүйгіштік адамның ақылын ғана дамытып, оны белгілі көлемдегі мәліметтермен таныстырып қана қоймай, адам жүрегінде еңбексіз адам өмірі абыройлы да, бақытты да болмайтындай еңбекке деген ынтаны жандыруы қажет»- деп жазады.

Бағдарлама баланың одан әрі дамуын қамтамасыз етіп қана қоймай, меңгеретін білім, білікті белсенді түрде қабылдауы мен түсінуіне мүмкіндік тудырады. Бағдарлама мектепалды даярлық тобының тәрбиеленушілеріне 18-сағатқа құрылған.

«Қарлығаш» бөбекжай бақшасы»
әдіскері: _____ Г.С.Құлжанова

Түсінік хат

«Бәрін білгім келеді» бағдарламаның жүктемесі аптасына 1 рет өткізіледі. Барлығы 18 сағат. Мектепке дейінгі тәрбие-барлық тәрбиенің бастамасы. Ал, баланың жан-жақты дамуы үшін ойынның рөлі ерекше. Ойын барысында балардың айналадағы дүние жайында мағлұматтары кеңейіп, жауапкершілігі артады. Ойын өсіп келе жатқан бала организмнің қажеті. Ойында баланың дене күші артады, қолы қатайып, денесі шыңдала түседі, көзі қырағыланады, зергектілігі, тапқырлығы, ынтасы артып жетіле түседі. Қай балаболмасын ойынмен өседі, өйткені балатабиғатының өзі тек ойынмен байланысты. Баланың өмірге қадам басардағы алғашқы қимыл-әрекеті-ойын.

Тәрбиешімен бірлескен шығармашылық барысында қабілетті, мектепке дейінгі бала тұлғасын дамытуға мүмкіндік туады. Ұлы педагог А. Сухомлинский: «Скрипка ұстаған адам жамандық жасай алмайды» - дегенді жиі қайталаған. Олай болса, ойын ойнау арқылы бала көкірегіне сондай скрипка ұялатып, оны ойната білу педагогтің басты міндеті болмақ.

Мақсаты:

Балалардың алған білімдерін пысықтау, ойлау қабілеттерін дамыту, тілдерін жетілдіру, біліп – үйренуге деген құштарлықтарын арттыру. Адамгершілікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.

Міндеттері:

1. Ойын арқылы 3-4 жастағы балалардың сөз байлығын жетілдіру;
2. Дауыс ырғағы арқылы мінез-құлықтарын көрсете білуге үйрету;
3. Әр-түрлі ойындарды ойнай білу қызығушылығын дамыту;
4. Басқа балалармен ұжымдық қарым-қатынасқа түсу дағдыларын қалыптастыру;
5. 3-4 жастағы балаларды ойын мәдениетіне тәрбиелеу.

Мазмұны:

- Бір-бірімен қарым-қатынасқа түсетін 2-3 рөлдік ойындарға қатысу
- Балалардың арман, қиялдарын дамыту
- Көркемдік образдық бейнелеу құралдарын: екпін, ым, ишара, жүріс-тұрысты пайдалану

Оқыту формалары:

1. әңгіме, әңгімелесу, әңгімелету;
2. көрнекіліктерді қарау;
3. сюжетті-рөлді ойындар.

№	Тақырыбы	Мақсаты	Сағат саны
1	Менің отбасым	Балаларға отбасы мүшелері туралы тақпақтар жаттата тіл байлықтарын байыту. Өз отбасы туралы жақсы ой – тілектерін достарымен бөлісуге үйрету. Мақал – мәтелдер жаттату. Отбас мүшелерін құрметтеп қадірлеуге тәрбиелеу.	1
2	Менің атам мен әжем	Балаларға өз ата әжелерімен бірге нағашы ата әжелері бар екенін түсіндіру. Нағашы жұрттың кім екенін үйрету. Мақал - мәтелдер жаттату. Отбасы мүшелерін құрметтеп қадірлеуге тәрбиелеу.	1
3	Менің бауырларым	Отбасындағы туыстық қатынас туралы білімдерін жетілдіре түсу. Аға, іні, қарындас, әпке туралы түсінік беру. Мақал – мәтелдер мен жаттау жаттату. Отбасындағы татулыққа тәрбиелеу	1
4	Отбасындағы мерекелік дәстүр	Отбасындағы мерекелік дәстүрлер туралы айтуға, балалардың танымдық көзқарастарын молайта түсу. Мақал - мәтелдер жаттата, мақтанышпен әңгімелете, татулыққа, сыйластыққа тәрбиелеу	1
5	Мамандықтар	Адамдардың әртүрлі мамандықтар туралы балалардың білімдерін жетілдіру. Балалардың мұңайшы, шахтер құрылысшы мамандықтар туралы түсінігін қалыптастыру. Пайдалы қазба байлықтары және олардың алыну жолдары, олардан не жасалатыны жайлы түсіндіру	1
6	Алтын күз	Жомарт күздің жомарттығы туралы айту. Күз туралы мақал - мәтелдер жаттау, жыл мезгілінің ішіндегі күз туралы санамақ жаттата танымдылықтарын арттыру	1
7	Ас – атасы нан	Біздің елдің басты басты байлығымыз туралы мағұлмат беру. Нан туралы ырымдар мен мақалдар жаттату.	1
8	Ойыншықтар Әлемі	Балаларға ойыншықтар туралы түсінік беріп, тақпақтар жаттату. Достыққа тәрбиелеу. Мақал - мәтел жаттату	1
9	Соқыртеке ойыны.	Қазақтың ұлттық ойыны соқыр текені ойната, тақпақтар жаттату. Есте сақтау қабілеттерін арттыру, татулыққа, достыққа тәрбиелеу	1
10	Көліктегі дептілік	Көлік ішіндегі мінез – құлық ережелерін сақтауға үйрету	1
11	Отбасы	Отбасы мүшелерін дұрыс атауға, сәлемдесіп қоштасуға, үлкенді сыйлауға, құрметтеуге	1

		тәрбиелеу. Көз бұлшықеттерін шынықтыру	
12	Жануарлардың қысқы тіршілігі.	Төрт түлік малдың пайдасы туралы түсіндіру Көз бұлшықеттерін жаттықтыру	1
13	Жыл құстары	Құстарға қамқор болуға, оларды күте білуге, құстарды қорғауға, аялауға әдістемелік құрал тәрбиелеуге. Көз бұлшық еттерін шынықтыру	1
14	Қайтып келер Жаз	Жаз мезгілі туралы балалардың түсініктерін кеңейту. Жаз айларында айналада болатын өзгерістерді, табиғаттағы ерекшеліктерді бақылай білуге үйрету. Көз қимылын дамыту.	1
15	Х. А. Қамзаұлы Оқу құралдары	Балалардың білімге қызығушылығын арттыру. Оқу құралдары туралы түсінік беру. Оларды күтіп, таза ұстауға тәрбиелеу	1
16	Жасыл дәріхана	Жасыл дәріхана және оның қажеттігі жөнінде түсінік беру. Емдік қасиеті бар өсімдіктермен таныстыру, оларды қажеттігі мөлшерде ғана жинап, өзге өсімдіктерге зиян келтірмеу жағын ескеруге үйрету. Табиғатты қорғай білуге тәрбиелеу.	1
17	Алма. Е. Сүтеев	Балаларды бір – бірін сыйлауға, өзара тату болуға, қолындағы барын бөлісіп жеуге баулу. Жемістерді күтіп – баптауға, қамқор болуға тәрбиелеу	1
18	Құстардың қысқы тіршілігі.	Құстардың тіршілігі туралы түсінік беру; Сабақ барысында орындатылған тапсырмалар арқылы ойлау қабілеттерін дамыту; Құстарға қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу	1